

Хаттама №1

« 10 » қыркүйек 2024 жыл

Қарсақбай кенті

«Балдәурен» бөбекжайы КМҚК

Қатысқаны: 7 адам

1. Байғорин Б.З. - комиссия төрағасы, кент әкімдігінің маманы
2. Кенжебекова К.К. - комиссия мүшесі, бөбекжай әдіскері
3. Сарыбаев Д. - комиссия мүшесі, шаруа қожалық иесі
4. Маменова А. - комиссия мүшесі, жеке кәсіпкер
5. Утепбергенова К.М. - комиссия мүшесі, бөбекжай тәрбиешісі
6. Қазанғап Ә.Б. - комиссия мүшесі, бөбекжай ата-аналар комитетінің төрайымы
7. Алантай М.Е. - комиссия мүшесі, жеке кәсіпкер

Күн тәртібі:

1. 2024-2025 оқу жылында «Балдәурен» бөбекжайындағы Ұлытау облысы әкімінің 2023 жылғы 16 қазандағы № 57/01-қаулысына сәйкес әлеуметтік осал топқа жататын балаларды анықтау.

Тыңдалды:

2024-2025 оқу жылында Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы", "Білім туралы" заңдарына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 12 наурыздағы № 320 "Әлеуметтік көмек көрсетілетін азаматтарға әлеуметтік көмектің мөлшерін, көздерін, түрлерін және оны беру қағидаларын бекіту туралы" қаулысына, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 "Мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру, мамандандырылған, арнаулы білім, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарының үлгілік қағидаларын бекіту туралы" бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29329 болып тіркелген) сәйкес Ұлытау облысы әкімінің 2023 жылғы 16 қазандағы № 57/01-қаулысына сәйкес бөбекжайдағы тәрбиеленушілердің келесі жекелеген санаттарын саралай келе:

Жетім балалар және ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған;

Бірінші және екінші топтағы мүгедектігі бар, бала кезінен мүгедектігі бар;

Көп балалы отбасылардан шыққан;

Биылғы 2024-2025 оқу жылында атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасылардан шыққан 26 бала анықталды. Осы балаларды тамақтандыруға кететін шығындар толығымен жергілікті бюджет есебінен өтелу ұсынылды.

(Тізімі қоса тіркеледі)

Кеңес мүшелері бұл ұсынысты бір ауыздан қолдады.

Шығып сөйлеушілер:

1. Кенжебекова К.Т.

2023-2024 оқу жылының қаңтар айында бекітілген осал топқа енген тәрбиеленушілер тізіміне енген өзгерістермен таныстырып өтті. Жұмағали Ә, Сұлтан А, Қыдырәлі А. жасы толуына орай бөбекжайдан шығарылуына байланысты тізімнен шығарылды.

2. Утепбергенова К.М.

Биылғы 2024-2025 оқу жылында бөбекжайға жаңадан қабылданған балалардан: Қонысбек А, Сәрсенбек М, Қайрат М, Масхұтхан А, Серік Е, Қонысбек Н, Усип Д, Итқараева Н. көп балалы отбасынан шыққандықтан тізімге енгізу жөнінде ұсыныс айтты.

Ұсыныс кеңес мүшелері тарапынан мақұлданды.

Шешім:

2024-2025 оқу жылында әлеуметтік осал топтан шыққан 26 баланың тізімі бекітіліп, тамақтануына кететін шығын 1 қыркүйектен бастап жергілікті бюджет есебінен өтелсін.